**«8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жорабек Жұлдыз Гайфуркызының «Постисламизм: саяси ислам эволюциясы» тақырыбындағы диссертация жұмысына ресми**

**РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

| р/н № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылым бағыты бойынша «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына сәйкес келеді. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | «8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.<br>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.<br>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған | Диссертациялық зерттеудің ғылыми мәні мен құндылығы саяси исламды тек тар шеңбердегі діни немесе саяси факт ретінде емес, динамикалық әлеуметтік-мәдени жүйе ретінде кешенді түрде пайымдауымен ерекшеленеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Бұл әдістемелік тәсіл исламизмнің қазіргі заманғы өзгерістерін дәстүрлі радикализация немесе тек саяси мобилизация шеңберімен шектемей, тереңірек түсінуге жол ашады.<br>Жұмыстың нәтижелері постисламизмнің теориялық тұжырымдамасын жетілдіруге, исламизмнің эволюциялық кезеңдерін жүйелі түрде саралауға және қазіргі мусульман әлеміндегі діни-саяси үдерістердің негізгі бағыт-бағдарын айқындауға зор үлес қосады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>**1) <u>жоғары;</u>**<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеушінің ғылыми ізденісті дербес жүргізгенін көрсетеді. Автор зерттеу мәселесін ашуда теориялық және әдіснамалық тұғырларды жан-жақты талдап, оларды жұмыстың құрылымдық негізі ретінде тиімді пайдалана алған. Бұл диссертация тақырыбының мәнін терең түсінгенін және ғылыми мәселені жүйелі түрде қарастырғанын аңғартады. Зерттеудің барлық бөлімдерінде авторлық пайымдаулар мен өзіндік ғылыми көзқарас айқын байқалады. Сонымен қатар, қарастырылған мәселелердің әрқайсысы ғылыми әдебиеттер мен дереккөздер негізінде кешенді түрде талданып, жеткілікті дәрежеде зерделенген. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>**<u>1) негізделген;</u>**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Зерттеу тақырыбының өзектілігі жан-жақты зерттелген. Жаһандану дәуіріндегі саяси исламның түбегейлі өзгерістері мен постисламизмнің пайда болу алғышарттары нақты дәйектелген.<br>Сонымен қатар, еңбектің негізгі ғылыми проблемасы деңгейінде айқын тұжырымдалған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | «Исламизмнің эволюциялық бағыты байқалғанымен, оның дамуы, эволюциясы әлі де жеткілікті түрде ашылмаған» деген тұжырым зерттеудің өзекті мәселесі болып табылады.<br>Жұмыста постисламизм ұғымының шығу төркіні мен логикасы жан-жақты көрсетілген. Бұл ретте автор тек исламизм шеңберімен шектелмей, оның сапалық жаңа кезеңге көшу ерекшеліктерін сәтті ашып көрсете алған.<br>Соңында зерттеудің қолданбалы маңызы да ескерілген. Атап айтқанда, бұл еңбектің қазіргі әлеміндегі қоғамдық-саяси үдерістер мен билік жүйелерінің трансформациясын тереңірек түсінудегі рөлі өте орынды негізделген. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>**1) айқындайды;**<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертацияның тақырыптық бағыты жұмыстың ішкі логикасымен және мазмұнымен толық үндесіп, қойылған мақсат-міндеттердің реттілікпен орындалуына негіз қалайды.<br>Қазіргі исламизмнің теориялық-ұғымдық негіздері, идеологиялық құрылымы мен қалыптасу кезеңдері сарапталған. Сондай-ақ оның эволюциясына ықпал еткен ішкі және сыртқы факторлар жан-жақты талқыланады. Саяси ислам феноменінің даму логикасын айқындап, кейінгі постисламизм алғышарттарын түсінуге тиянақты теориялық база жасайды.<br>Жалпы исламизмнен постисламизмге ұласудың әлеуметтік-саяси және идеологиялық себептері қарастырылып, ғылыми айналымдағы «постисламизм» ұғымының әртүрлі теориялық трактаттары мен институционалдық сипаттары зерттеледі. Бұл тұста автор постисламизмді саяси исламның сапалық жағынан жаңа кезеңі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ретінде дәйектейді.<br>Постисламизмнің бүгінгі жаһандану дәуіріндегі даму бағыттары мен аймақтық тәжірибелері көрсетілген. Атап айтқанда, цифрлық коммуникациялардың діни санаға әсері, исламдық бірегейліктің трансформациясы және зерттеудің практикалық маңызын ашатын нақты әлеуметтік-саяси үдерістер кеңінен қамтылған. |
| | | 4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>**1) <u>сәйкес келеді;</u>**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбымен тікелей үндесіп, оның негізгі идеясын дәйекті түрде ашуға қызмет етеді. Жұмыстың түпкі мақсаты постисламизм феноменін саяси исламның сапалық жаңа кезеңі ретінде жан-жақты қарастырып, оның пайда болу алғышарттарын, теориялық негіздерін, өзіндік ерекшеліктерін және бүгінгі діни-саяси үдерістердегі рөлін анықтау.<br>Ал алға қойылған міндеттер осы мақсатқа жүйелі түрде жетуге бағытталған әрі зерттеудің тұтас логикалық құрылымымен толық үйлесім табады. |
| | | 4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>**1) <u>толық байланысқан;</u>**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ. | Жұмыстың құрылымы зерттеу мақсаттары мен міндеттерімен тығыз үндесіп, барлық бөлімдердің өзара логикалық байланысын қамтамасыз етеді. Зерттеу барысы жалпы теориялық тұғырнамалардан бастау алып, саяси исламның даму эволюциясы мен постисламизмнің пайда болуына қатысты ғылыми сараптамаға ұласады, соңында постисламистік үдерістер мен олардың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | когнитивті өзгерістері жан-жақты қарастырылады. Мұндағы әрбір тарау алдыңғы бөлімнің тұжырымдарын дамытып, келесі бөлім үшін әдіснамалық негіз жасайды. Нәтижесінде диссертацияның барлық құрылымдық компоненттері тақырыпты терең ашуға және алға қойылған міндеттерді толық шешуге бағытталған біртұтас, жүйелі еңбек болып қалыптасқан. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>**1) сыни талдау бар;**<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. | Автор ұсынған тұжырымдар саяси ислам мен постисламизм феноменін дінтану және әлеуметтік-саяси ғылымдар аясында кешенді қарастыруымен ерекшеленеді. Зерттеуде постисламизмнің қалыптасу алғышарттары, саяси исламның эволюциясы, зайырлылық пен діннің өзара әрекеттесуі және қоғамдық сананың трансформациясының өзара байланыстары сыни талданып, олардың қазіргі заманғы қоғамдық-саяси үдерістермен сабақтастығы көрсетілген. Ұсынылған ғылыми нәтижелер тиісті дереккөздер мен эмпирикалық-теориялық зерттеулер негізінде дәлелденіп, жүйелі түрде негізделген. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады). | Зерттеуде постисламизм феномені мен саяси исламның эволюциясына қатысты көзқарастар теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жүйеленіп, қоғамдық-саяси өзгерістермен сабақтастықта қарастырылған. Автор исламизм, постисламизм, зайырлылық, діни сана мен когнитивті трансформация мәселелерін біртұтас концептуалдық негізде талдап, ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырымдар ұсынған. Жұмыстың құндылығы саяси исламның трансформациясын және постисламизмнің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ерекшеліктерін, соның ішінде отандық «жұмсақ модельді» дінтану және әлеуметтік-саяси ғылымдар аясында кешенді түрде қарастыруында деп есептеймін. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>**1) <u>толығымен жаңа</u>;**<br><u>2)</u> жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады). | Зерттеу қорытындылары саяси исламның эволюциясы мен постисламизм феноменін зерделеу нәтижесінде алынған және ғылыми тұрғыдан тиянақты түрде негізделген. Ұсынылған тұжырымдар саяси исламның даму кезеңдерін, зайырлылық пен дін арақатынасын, сондай-ақ цифрлық постисламизм мен когнитивтік трансформация мәселелерін жаңа теориялық байланыстар мен аймақтық үлгілер негізінде қарастыруымен ерекшеленеді. Жұмыстың қорытындыларын жаңа деп бағалауға болады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br><u>1) толығымен жаңа;</u><br>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады). | Зерттеуде пайдаланылған теориялық және әдіснамалық тәсілдер зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді және алынған нәтижелердің негізділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қазіргі технологиялық және әлеуметтік үдерістерге қатысты кейбір тұжырымдарды эмпирикалық деректермен толықтыру зерттеудің практикалық маңызын күшейте түсер еді. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitive research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Диссертацияның әрбір тарауы салмақты түйіндермен қорытындыланып, сондай-ақ жекелеген параграфтардың соңы жүйелі талдауларға негізделген ғылыми тұжырымдармен толықтырылған. Жұмыста ұсынылған барлық пайымдардың теориялық дәлелділік дәрежесі жоғары деңгейде қамтамасыз етілген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ. | 7.1 Негізгі ұстанымдар мен қағидаттар толығымен дәйектелген. Зерттеу ауқымында автор 6 жеке қағидатты айқындап шыққан, олар жұмыстың негізгі нәтижелерімен тығыз үйлесім тауып, біртұтас жүйе құрайды.<br>7.2 Барлық қағидаттар стандартты емес, терең мағыналы сипатқа ие. Автор оларды стандартты қалыптардан тыс, өзіндік тәсілмен және жан-жақты қырынан тұжырымдаған.<br>7.3 Нәтижелердің жаңашылдық деңгейі өте жоғары. Автордың зерттеу тақырыбы аясында ұсынған қағидаттары бұрын ғылыми айналымда көтерілмеген мәселелерді қамтиды, ал жалпы жұмыс нәтижелері өз жаңалығымен ерекшеленеді. Әсіресе, 5 және 6 қағидаттар автордың жеке авторлық концепциясын айқын көрсетіп тұр, сондықтан бұл тұжырымдардың ғылыми маңызы ерекше.<br>7.4 Практикалық қолданыс аясы кең. Диссертацияның 1–4 қағидаттарын саяси ислам, постисламизм және жаһандану мәселелерін зерттеу барысында теориялық негіз ретінде, сондай-ақ дінтану және исламтану саласындағы іргелі білімді тереңдету үшін арнайы лекциялық курстарда халықаралық деңгейде пайдалануға болады. Ал 5–6 қағидаттар негізінен Қазақстан мен посткеңестік кеңістіктің ерекшеліктеріне арналғандықтан, олардың нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық салаларда және дін істері жөніндегі уәкілетті органдардың қызметінде ақпараттық-әдістемелік материал ретінде қолдануға толық негіз бар.<br>7.5 Диссертацияның негізгі түйінді нәтижелері мен қорытындылары отандық және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | шетелдік басылымдарда, сондай-ақ беделді халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда көрініс тауып, жалпы саны 8 ғылыми мақала болып жарияланған. Оның ішінде 2 мақала Scopus базасындағы халықаралық журналдарда, 2 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, ал 3 мақала халықаралық конференция материалдары жинағында (оның ішінде 1-і шетелдік басылымда) жарық көрген. Жарияланған еңбектер жүргізілген зерттеудің жалпы мазмұны мен бағытына толығымен сай келеді. |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Автор зерттеу пәнінің ерекшелігіне сәйкес әдіснамалық ұстанымдарды тиімді қолданған. Таңдалған зерттеу әдістері қойылған ғылыми мәселелерді шешуге және тұжырымдардың негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берген. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Диссертациялық жұмыстың қорытындылары заманауи ғылыми зерттеу әдістері мен озық цифрлық технологияларды өзара ұштастыру арқылы қол жеткізілген. Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық ақпараттарды жинақтау, сараптау, топтастыру және дәйектеу үшін соңғы буын компьютерлік құралдары мен тәсілдері тиімді пайдаланылған.<br>Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, жүйелік және герменевтикалық талдау тәсілдері өте ұтымды пайдаланылған. Бұл саяси исламның эволюциясы мен постисламизм феноменін, соның ішінде аймақтық үлгілер мен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | когнитивтік трансформация үдерістерін әртүрлі қырынан кешенді түрде қарастырып, зерттеу нәтижелерінің ғылыми дәйектілігін сенімді түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік берген. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Зерттеу барысында тұжырымдалған теориялық қағидаттар, айқындалған өзара байланыстар мен әлеуметтік-саяси заңдылықтар нақты эмпирикалық деректерді терең сараптау арқылы толық дәлелденді. Атап айтқанда, контент-талдау, салыстырмалы-саяси сараптама және кейс-стади әдістері арқылы жинақталған нәтижелер ғылыми пайымдардың шынайылығы мен дәйектілігін сенімді түрде айғақтайды. |
| | | 8.4 **Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен** расталған / ішінара расталған / расталмаған | Диссертацияда пайдаланылған ғылыми әдебиеттер зерттеу тақырыбына сәйкес таңдалған. Автордың негізгі тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге сүйене отырып негізделген, ал келтірілген пайымдаулар мен қорытындылар дереккөздерді жүйелі талдау нәтижесінде жасалған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Қазақ, ағылшын, орыс және ішінара араб тілдеріндегі әдебитеттер қолданылған |
| 9. | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Постисламизм феноменін саяси исламның сапалық жаңа кезеңі ретінде кешенді түрде теориялық негіздеп, отандық дінтану және саясаттану ғылыми кеңістігіне жаңа концептуалды тәсілдер мен ұғымдарды енгізуімен ерекшеленеді.<br>Исламизм, постисламизм, зайырлылық, діни сана және когнитивтік трансформация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | арасындағы өзара байланыстарды жүйелеп, саяси исламның эволюциялық даму заңдылықтарын ашуға теориялық үлес қосады.<br>Исламтану, дінтану тоғысындағы пәнаралық тәсілдерді қолдана отырып, цифрлық постисламизм мен қоғамдық сананың өзгеру үдерістерін теориялық тұрғыдан байытады.<br>Өңірлік үлгілерді салыстырмалы сараптау: Түркия, Иран және Қазақстан тәжірибелерін бір эволюциялық концепция аясында теориялық тұрғыдан салыстырып, постисламизмнің отандық контекстегі «жұмсақ моделінің» теориялық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Диссертацияның практикалық маңызы жұмыста әзірленген ғылыми тұжырымдар мен талдаулар Қазақстанның әлеуметтік-саяси және діни жағдайын реттеу барысында мемлекеттік органдарға, соның ішінде дін істері жөніндегі уәкілетті органдар мен профильді ведомстволарға ақпараттық-әдістемелік нұсқаулық ретінде қолдануға толық негіз болады.<br>Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының «Дінтану», «Исламтану» мамандықтары бойынша арнайы лекциялық курстар, семинарлар мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындауда маңызды теориялық-практикалық материал ретінде пайдалануға болады.<br>Постисламизм, цифрлық постисламизм және қоғамдық сананың когнитивтік трансформациясына қатысты практиктік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ұсыныстар діни радикализм мен деструктивті ағымдардың алдын алуға бағытталған профилактикалық шаралардың тиімділігін арттыруға қызмет етеді. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады). | Зерттеуде ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылардың ғылими тәжірибелік маңызы бар. |
| 10. | Жазу және рәсімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертация ғылыми стиль талаптарына сәйкес жазылған. Жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан жүйелі, ойлар бірізді баяндалған. Зерттеу мәтіні академиялық жазу мәдениетіне сай рәсімделіп, ғылыми аппарат жеткілікті деңгейде қолданылған. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Диссертациялық зерттеу оң бағалауға лайық. Сонымен қатар жұмысты немесе зерттеуді жалғастыру және одан әрі жетілдіру мақсатында келесі ұсыныстарды айтуға болады.<br>1. Эмпирикалық базаны кеңейту: Цифрлық постисламизм мен әлеуметтік желілердегі діни-саяси дискурстарға контент-талдау жасау кезінде соңғы жылдардағы (соның ішінде жаһандық және өңірлік деңгейдегі) статистикалық деректер мен эмпирикалық көрсеткіштерді тағы да тереңдете түскен жөн.<br>2. Практикалық ұсыныстардың адресаттарын нақтылау: Дін істері саласындағы уәкілетті органдар мен білім беру саласына берілетін әдістемелік ұсыныстарды нақты министрліктердің немесе ведомстволардың жұмысына тікелей бейімдеп, қолданбалы сипатын одан әрі күшейту артық болмас еді. |
| 12. | Докторант мақалаларының | | Scopus базасында индекстелетін Q2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі | | квартиліндегі) журналдарда 2 мақала, ҚР ҒЖБССҚК тізіміндегі журналдарда 2 мақала, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында 4 мақала жарияланған.<br>1. Жорабек Ж. Г., Байтенова Н., Абжалов С., Алимханова А., Байгараев Ж., Кенжеев О., Куранбек А. Digital Post Islamism and the Cognitive Transformation of Islamic Belief: A Comparative Study // Pharos Journal of Theology. – 2025. – Vol. 106, № 5. – P. 1-6.<br>2. Сакбаева А., Байтенова Н., Зейнуллин Р., Әлімханова Ә., Жорабек Ж. Г. Socio-psychological portrait of muslim women who joined radical religious organizations // Occasional Papers on Religion in Eastern Europe. – 2026. – Vol. 46, № 5. – P. 1-9.<br>3. Байтенова Н., Жорабек Ж. Г. Исламизм, негізгі даму кезеңдері: дінтанулық дискурс // Вестник КазНУ. Серия Религиоведение. – 2023. – Т. 33, № 1. – С. 3-11. DOI: https://doi.org/10.26577//EJRS.2023.v33.i1.r1<br>4. Байтенова Н., Жорабек Ж. Г. Саяси исламизм: исламизмнен постисламизмге // Адам әлемі. – 2024. – № 1 (99). – С. 143-150. DOI: https://doi.org/10.48010/aa.v99i1.444<br>5. Жорабек Ж. Г., Байтенова Н. Мұсылман қоғамдастығындағы исламизмнің орны мен ролі // II. Uluslararası Oğuz Boyları Sempozyumu (25-26 Ekim 2022). – Kayseri, 2022. – С. 330-337.<br>6. Байтенова Н., Жорабек Ж. Г. Постисламизм – «саяси ислам» шеңберіндегі жаңа идеология // «Қожа Ахмет Ясауи және Юнус Эмре арасындағы сабақтастық» атты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Түркістан, 2021. – С. 185-189.<br>7. Байтенова Н., Жорабек Ж. Г. Постисламизм ерекшеліктері мен даму тарихына талдау // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция жинағы. – Алматы, 2023. – С. 346-351.<br>8. Озкан А. Р., Байтенова Н., Жорабек Ж. Г. Kazakistan'da Tasavvuf ve İslam Sonrası Dönemde Tezahürleri / Sufism in Kazakhstan and its Manifestations in the Post-Islamic Period // Journal of Islamic Research. – 2024. – Vol. 35, № 1. – P. 81-91 |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ережесінің 28 тармағына сәйкес) | | «8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жорабек Жұлдыз Гайфуркызының «Постисламизм: саяси ислам эволюциясы» атты диссертация жұмысы өзекті тақырыбы, айқын мақсат-міндеттері, толымды ғылыми жаңалығы, маңызды теориялық іргетасы, дәйекті зерттеу нәтижелерімен ғылыми жұмыс талаптарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Жорабек Жұлдыз Гайфуркызы «8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп санаймын. |

подпись заверяю
қолын растаймын
кадр бөлімі
отдел кадров

**Ресми рецензент:**
**Философия докторы (PhD), Философия, саясаттану және дінтану орталығының ғылыми қызметкері**

**Қасабекова Еңлік Құралғазықызы**